

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ  
«Әдістемелік кабинет» КММ  
«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ  
2021 жылы «17» 09  
№ 277 бұйрығымен  
БЕКІТІЛДІ



Бағдарлама  
«Ғажайып ертегілер»  
(ересек топ)

Ақтөбе қаласы, 2021 жыл

Бағдарлама негізі: Әуелбаева С.А., «Ертегілер елінде», Алматы:  
«Балалар әдебиеті», 2006 ж.

Құрастырған: Таширанова А. М., тәрбиеші.

«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК педагогикалық кеңесі отырысында  
«Ғажайып ертегілер» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«31» тамыз 2021 жыл

«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК меңгерушісі  Салыкова А.К.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Ғажайып ертегілер»  
бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1 «А» н 02 2021 ж.

Сараптау комиссиясының төрайымы:



М.О.Қосымбаева

«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК  
тәрбиешісі Ташранова А.М. құрастырған  
«Ғажайып ертегілер» бағдарламасына

### Пікір

«Ғажайып ертегілер» бағдарламасы ересек топтағы балалардың ақыл ойын жүйелілеуге, ойлау қабілетін жетілдіруге бағытталған. Театр - мерекелік және қуанышты ойындар, балаларға ешбір теңдесі жоқ зор қуаныш әкеледі. Мектеп жасына дейінгі балалар өте әсерленгіш, олар әсіресе эмоциялық ықпалға берілгіш.

Көркем шығарманың сахнаға бейімделуі балалардың сол шығарманың мазмұнын дұрыс және анығырақ түсінуіне көмектеседі. Алайда оларға спектакльді нағыз театрдан көру ғана емес, өздері қатысқан ойындары қызғылықты. Ойыншықтар театрының өзі кішкене көрермендерге түгел бір комплексті құрал ретінде әсер етеді, бұның өзі көркем образдар, ашық безендірілу, дәл сөздер және музыка. Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай - ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына – әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі, сөз жоқ, сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді.

«Ғажайып ертегілер» бағдарламасының мақсаты: мектепке дейінгі жасөспірім баланы сахна арқылы тәрбиелеу мен дамыту. Мектепке дейінгі жасындағы баланың театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту. Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу. Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып, ойын дамыту.

Бұл бағдарламада күнделікті оқу қызметіне қажетті көрнекілік, тәрбие жұмысының мазмұны қамтылады. Осы тақырып бойынша баланың сөйлеу мәдениетін, ақыл ойын, белсенділігін дамытады. Күнделікті іс - әрекет кезінде сахналай білу, үйрету көзделеді. Сонымен қатар, оқу қызметтеріне қажетті көрнекіліктер, атрибуттар қолданылады. «Ғажайып ертегілер» бағдарламасы мектепке дейінгі мекемелерде қолданылуға ұсынылады.

«Өрлеу» БАҰО АҚ Ф

Ақтөбе ОБ ПҚ БАИ, кафедра меңгерушісі,  
п.ғ.к., доцент

Каплиева А.К.

## Түсінік хат

«Ғажайып ертегілер» бағдарламасы ересек топ жасындағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған. Театр ойындары арқылы көрсетілетін әр-түрлі іс-әрекеттер, кимыл-қозғалыстар балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жанашырлық қасиеттерін тәрбиелеуге жағдай жасайды және әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйретеді. Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады. Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

**Бағдарламаның мақсаты:** Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық, және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.

**Міндеттері:** Көркем әдебиет шығармалары бойынша сахналау дағдыларын дамыту. Баланың қиялын, есте сақтау қабілетін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Ойдан әңгіме, ертегі шығарып айту дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, сыйластыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:** Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай біледі. Баланың есте сақтау қабілеті артып, ойдан әңгіме, ертегі құрастырып айта біледі. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды - жағымсыз қылықтарын ажырата біле алады. Сыйластыққа, адамгершілікке тәрбиеленеді.

«Ғажайып ертегілер» бағдарламасының тақырыптық жоспары ересек топ жасындағы балаларға арналып, 36 сағат құрылды. Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентіне кіргізілді. Аптасына 1 рет жүргізіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 20 - 25 мин.

## Тақырыптық жоспар

| №        | Тақырыбы                                   | Сағат саны |
|----------|--------------------------------------------|------------|
| 1        | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі             | 1          |
| 2        | «Мақта қыздың қулығы»                      | 1          |
| 3        | «Мысықтың іс - әрекеті»                    | 1          |
| 4        | «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің қойылымы | 1          |
| 5        | «Қызыл телпек» ертегісі                    | 1          |
| 6        | «Қасқыр мен қызыл телпек»                  | 1          |
| 7        | «Әжемнің үйіне барамын »                   | 1          |
| 8        | «Қызыл телпек» ертегісінің қойылымы        | 1          |
| 9        | «Үш торай» ертегісі                        | 1          |
| 10       | «Торайдың отбасы»                          | 1          |
| 11       | «Еңбек етсең ерінбей...»                   | 1          |
| 12       | «Үш торай» ертегісін сахналау              | 1          |
| 13       | «Үйшік» ертегісі                           | 1          |
| 14       | «Үйшіктің сүйкімді тұрғындары»             | 1          |
| 15       | «Аңдардың жаңа үйшігі»                     | 1          |
| 16       | «Үйшік» ертегісін сахналау                 | 1          |
| 17       | «Түлкі мен қояндар» ертегісі               | 1          |
| 18       | «Аңдардың айырбастауы»                     | 1          |
| 19       | «Қу түлкі мен қорқақ қояндар»              | 1          |
| 20       | «Түлкі мен қояндар» ертегісін сахналау     | 1          |
| 21       | «Аққу қаздар» ертегісі                     | 1          |
| 22       | «Қаздар мен аққулар»                       | 1          |
| 23       | «Қаздар қайтып барады»                     | 1          |
| 24       | «Аққу қаздар» ертегісін сахналау           | 1          |
| 25       | «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі            | 1          |
| 26       | «Лақтарым менің, лақтарым»                 | 1          |
| 27       | «Алақай! Анамыз бізге сүт әкелді»          | 1          |
| 28       | «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін сахналау  | 1          |
| 29       | «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі              | 1          |
| 30       | «Шопан ата бізде қонақта»                  | 1          |
| 31       | «Әтешім-ау, әтешім!»                       | 1          |
| 32       | «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау    | 1          |
| 33-34    | «Ертегілер еліне саяхат»                   | 2          |
| 35-36    | «Қызықты ертегілер әлемі!»                 | 2          |
| Барлығы: |                                            | 36         |

### Күнтізбелік тақырыптық жоспар

| № | Тақырыбы                                   | Бағдарламалық міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                        | Сағат саны |
|---|--------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1 | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі             | Балаларды ертегі мазмұнын түсініп, оны әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып, сөздік қорларын дамыту. Көңіл-күйлерін терең түсініп, аяушылық сезімге камқоршы болуға тәрбиелеу.                      | 1          |
| 2 | «Мақта қыздың қулығы»                      | Мейрімді, тату –тәтті, дос болуға үйрету. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндау мен тіл байлықтарын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.                                                                                                   | 1          |
| 3 | «Мысықтың іс-әрекеті»                      | Ертегінің желісі бойынша сұрақтарға жауап бере білуге, қысқаша мазмұндауға үйрету. Ертегіні зейін қойып тыңдай білу, әртістік қабілетін дамыту. Олардың дауысын салып қызыға ойнау дағдыларын қалыптастыру. Бір-бірін сыйлауға, көмектесуге, адамгершілік қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу. | 1          |
| 4 | «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің қойылымы | Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Ертегі, әлеміне қызығушылығын қалыптастыру. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсетебілуге тәрбиелеу.                                   | 1          |
| 5 | «Қызыл телпек» ертегісі                    | Ертегі кейіпкерлері арқылы мазмұнын түсінуге үйрету. Сұрақ- жауап арқылы ертегіні терең түсіну дағдыларын дамыту. Көңіл-күйлерін терең түсінуге аяушылық сезімге, камқоршы болуға тәрбиелеу.                                                                                                    | 1          |
| 6 | «Қасқыр мен қызыл телпек»                  | Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін тандау, рөлдерін бөлуге үйрету. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын дамыту. Мазмұндауды, тіл дамытуды көздеу. Мейірімді, тату-тәтті дос болуға тәрбиелеу.                                                           | 1          |
| 7 | «Әжемнің үйіне барамын »                   | Ертегіні қайталай отырып, тандаған балаларға кейіпкерлердің сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы сөздердің дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау, қимыл қозғалыстарын көрсете білуін дамыту. Бір біріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу.                                      | 1          |

|    |                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |   |
|----|-------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
| 8  | «Қызыл телпек» ертегісінің қойылымы | Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналауға үйрету. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс- әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып, сезімдерді көрсете білу, рөлдердің дұрыс орындау дағдыларын дамыту. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 9  | «Үш торай» ертегісі                 | Көңіл –күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімі қамқоршы болуға үйрету. Балалардың білімін бекіту, ертегілер үзінділерін әңгімелей білу. Балалардың елестету қиялдарын дамыту, сөздік қорын молайту. Қамқоршылыққа тәрбиелеу.                                                                       | 1 |
| 10 | «Торайдың отбасы»                   | Мейірімді, тату-тәтті дос болуға үйрету. Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін тандау, рөлдерін бөлу. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын дамыту. Сыпайылыққа тәрбиелеу.                                                                                      | 1 |
| 11 | «Еңбек етсең ерінбей...»            | Ертегіні қайталай отырып, тандалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуын қалағалау, қимыл - қозғалыстарын көрсете білгендерін дамыту. Бір-біріне қиын жағдайда көмек көрсетуге, ренжітпеуге тәрбиелеу.                                 | 1 |
| 12 | «Үш торай» ертегісін сахналау       | Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашық көрсете білуге үйрету. Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Рөлдерді дұрыс орындау дағдыларын дамыту. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.                                                                              | 1 |
| 13 | «Үйшік» ертегісі                    | Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, ондағы кейіпкерлерді жаңа техника бойынша қабылдауға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру, іскерлік дағдыларын дамыту. Әдептілікке, өзара жолдастық көмек көрсетуге тәрбиелеу.                                                                                      | 1 |
| 14 | «Үйшіктің сүйкімді тұрғындары»      | Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін тандау, рөлдерге бөлуге үйрету. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, ой белсенділігін дамыту. Балалардың көркемдік, эстетикалық талғамын дамыта отырып, белсенділікке тәрбиелеу.                                                                            | 1 |
| 15 | «Аңдардың жаңа үйшігі»              | Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге үйрету. Атрибуттар арқылы кейіпкерлер іс -                                                                                                                                         | 1 |

|    |                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |   |
|----|----------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    |                                        | әрекеттерін, әсерлі көңіл – күйлерін білдіре отырып, тілдерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Ойын арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеруге тәрбиелеу.                                                                                                                                                   |   |
| 16 | «Үйшік» ертегісін сахналау             | Кейіпкер образын көрсете білуге үйрету. Рөлдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын дамыту. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге тәрбиелеу.                                                                                                      | 1 |
| 17 | «Түлкі мен қояндар» ертегісі           | Ертегі суреттері арқылы мазмұнын түсінуге үйрету. Балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы шығармашылығын, ойлау қабілеттерін арттыра отырып, іскерлік дағдыларын дамыту. Қызығушылыққа тәрбиелеу.                                                                                                      | 1 |
| 18 | «Аңдардың айырбастауы»                 | Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерге бөлуге үйрету. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, ой белсенділігін дамыту. Балалардың көркемдік, эстетикалық талғамын дамыта отырып, белсенділікке тәрбиелеу.                                                                                | 1 |
| 19 | «Қу түлкі мен қорқақ қояндар»          | Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту, ертегі туралы алған білімдерін, ойын-жаттығу арқылы тиянақтау. Атрибуттар арқылы кейіпкерлер іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл – күйлерін білдіруге тәрбиелеу. | 1 |
| 20 | «Түлкі мен қояндар» ертегісін сахналау | Кейіпкер образын көрсете білуге, композиция құрауға үйрету. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс - әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындау дағдыларын дамыту. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.           | 1 |
| 21 | «Аққу қаздар» ертегісі                 | Ертегі кейіпкерлері арқылы мазмұнын үйрету. Сұрақ жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимикалық, дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығармашылықтарын дамыту. Көңіл – күйлерін терең түсінуге, қамқоршы болуға тәрбиелеу.                                                                             | 1 |
| 22 | «Қаздар мен аққулар»                   | Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерді таңдау, рөлдерді бөлуге үйрету. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндау және тіл байлықтарын дамыту. Мейірімді, тату-тәтті, дос болуға тәрбиелеу.                                                       | 1 |

|    |                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                            |   |
|----|-------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
| 23 | «Қаздар қайтып барады»                    | Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, кимыл – қозғалыстарды көрсете білуді дамыту. Бір – біріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу.                                | 1 |
| 24 | «Аққу қаздар» ертегісін сахналау          | Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналауға үйрету. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс- әрекеттерін, әсерлі көңіл - күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.                      | 1 |
| 25 | «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі           | «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып, тілдік қорларын байыту, ой өрістерін дамыту. Көңіл – күйлерін көтеріп, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу.                 | 1 |
| 26 | «Лактарым менің, лактарым»                | Кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету және тілдерін дамыту. Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, ойын арқылы рөлдерге бөлу. Мәнерлі сөйлесу дағдыларын жетілдіру. Мазмұндаулары мен, тіл байлықтарын байыту. Мейірімді, тату- тәтті дос болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 27 | «Алақай! Анамыз бізге сүт әкелді»         | Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Ертегіге деген қызығушылығын дамыту. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға, сұлулықты тануға тәрбиелеу.                                   | 1 |
| 28 | «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін сахналау | Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналауға үйрету. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу                                                                                    | 1 |
| 29 | «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі             | Ертегі мазмұнын түсінуге үйрету. Сұрақ-жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту. Қызығушылыққа тәрбиелеу                                                                                | 1 |
| 30 | «Шопан ата бізде қонақта»                 | Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерді бөлуге үйрету. Балаларға сөздері мен кимыл қозғалыстарын дамыту. Байқағыштыққа, жауапкершілікке,                                                                                                                  | 1 |

|          |                                         |                                                                                                                                                                                                                                                |    |
|----------|-----------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
|          |                                         | қайырымдылыққа, адамгершілікке, дос болуға тәрбиелеу.                                                                                                                                                                                          |    |
| 31       | «Әтешім-ау, әтешім!»                    | Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін диалог бойынша орындауға үйрету. Фланелеграф арқылы сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл-қозғалыспен көрсете білуді дамыту. Ұқыптылыққа, шеберлікке тәрбиелеу.       | 1  |
| 32       | «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау | Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналауға үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын дамыту. Рөлдерді дұрыс орындауларын қадағалау. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. | 1  |
| 33-34    | «Ертегілер еліне саяхат»                | Ертегілерді мазмұндауға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ертегінің қалай басталып, қалай аяқталатыны жайлы ұғымын бекіту, есте сақтау, және қайта айтып бере алу дағдыларына дамыту. Қызығушылыққа тәрбиелеу.              | 2  |
| 35-36    | «Қызықты ертегілер әлемі!»              | Ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету, тілін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Қызығушылыққа тәрбиелеу.                                                                                                        | 2  |
| Барлығы: |                                         |                                                                                                                                                                                                                                                | 36 |

## **Қолданылған әдебиеттер :**

### **1. Негізгі әдебиеттер:**

- 1.1. Әуелбаева С. А., «Ертегілер елінде», Алматы: «Балалар әдебиеті», 2006 ж.
- 1.2. Нұртазина Р.Б., Сейсенова А.Д., «Мен оқимын, ойнаймын, ойлаймын», Алматы: «Арман ПВ», 2010 ж.
- 1.3. Доронова Т.Н., «Сахнада ойнаймыз», Алматы: «Балауса», 2004 ж.

### **2. Қосымша әдебиеттер:**

- 2.1. Ахметов Ш.А., «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы», Алматы: «Арман ПВ», 2007 ж.
- 2.2. Бектаева Г.А., Қасымқова Р.Ә., «Театр - сахна», Алматы: «Аруна», 2007 ж.
- 2.3. Қайым Қ.Б., «Төрт түлік», Алматы: «Аруна», 2011 ж.
- 2.4. Қирабаев С., Мырзалиев Қ., «Қазақ әдебиеті» Алматы: «Мектеп», 2001 ж.
- 2.5. Қожахметова Х., «Мәнерлеп оқу», Алматы: «Мектеп», 1982 ж.
- 2.6. Момышева Ш.Т., «Әдептану ертегілері», Алматы: «Аруна», 2009 ж.
- 2.7. Нүсіпбекова М.И., «Хрестоматия», Астана: «Қарлығаш», 2007 ж.
- 2.8. Рябченко В.С., «Қызықты кітап», Алматы: «Айғайтас», 2010 ж.
- 2.9. Сейітмазиева С.А., «Қазақ ертегілері», Алматы: «Көшпенділер», 2007 ж.
- 2.10. Сейтқожина Б.Б., «Көркем әдебиет. Хрестоматия», Көкшетау: «Келешек», 2013 ж.
- 2.11. Талғатқызы Г.Ж., «Жыл он екі ай», Алматы: «Балалар әдебиеті», 2006 ж.

### **3. Анықтама:**

- 3.1. [kopilkaurokov.ru](http://kopilkaurokov.ru)
- 3.2. [ustaz tilegi](http://ustaz tilegi)
- 3.3. [ped-kopilka.ru](http://ped-kopilka.ru)
- 3.4. [multiurok.ru](http://multiurok.ru)